

19.10.2021 ж.

"Имандылық жарасады ұл қыза" имандылық көрмесі.

Біздің еліміз – көп этносты, көп мәдениетті және көп конфессиялы мемлекет. Қазақстанда діндердің бейбіт қатар өмір сүруінің өзі оның әлеуметтік және рухани өміріндегі тұрақтылықтың кепілі болып отыр.

1992 жылы Алматы қаласында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен рухани келісімнің Бүкіләлемдік Бірінші Конгресі өткен болатын. Елімізде 18 қазан - Рухани келісім күні ретінде еліміздің атаулы күндерінің қатарына қосылды. Осыған орай облыстық N2 әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залында «Имандылық жарасады ұл қыза» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты: жастардың, өскелең ұрпақтың бойына рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ету.

Көпұлтты мемлекетімізде және бүкіл әлемде келісім мен өзара түсіністікті



насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отырған кітап көрмесіне «Елбасы Н.Ә.Назарбаев – этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы», «Қазақстан конфессияаралық келісім орталығы», Ә.Нысанбаевтың «Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм», «Ислам ынтымақ пен бірлік жолында» тағы басқа кітаптармен қатар мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалар қойылды.